





Тақырыбы:

Шамандылық жарасады үл-кызға





Дініңді сақта,

салтыңды сатпа,

сенімді ақта

ел болашағы

жаастар








Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың мұсылман діні туралы адами қасиеттерін қалыптастыру, ана тілін сүйуге, ата - салтын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат сөздерді түсіндіріп, содан үлгі - өнеге алуға баулу.

Оқушыларды халқымыздың ұмыт болған салт - дәстүрлерін жалғастырып құрметтеуге, инабаттылыққа, имандылыққа адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа, достыққа, ерлікке, ізденімпаздыққа, іскерлікке, шеберлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.








Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе
ақырын.

Кәмшат бөрік, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай
түрін?!-

А.Құнанбаев.




Атадан жақсы ұл туса,
Елінің туы болады.

Атадан жаман ұл туса,
Елінің соры болады

Қазыбек би.



«Ой қозғау» .



Ұлдарға сұрақ:

1. Қыздың көркі деп нені түсінесің?
2. Қыздарды неге өмірдің гүлі дейді
3. Қызға қандай қылық жараспайды?
4. Қыздарға арнап мақал айт



Қыздарға сұрақ:



1. Ұлдарға қандай қылымы жараспайды?

2. Ұлдарға арнап мақал айт



4. Атадан жақсы ұл туса, елінің туы болады дегенді қалай түсінесің?



5. Ұл бала үшін қасиетті борыш деп нені айтар едің?



Хадистер- мұсылман әлеміндегі адам құқының негізгі ережелері.

Кездескенде кім бірінші болып сәлем берсе, сол адам тәңір алдында да, адам алдында да иманды адам.

Иманның жақсысы- сабырлы және кеңпейілді болу.

Тамақ салынған табақтың шетінен ғана алып жеу керек. Ортасына қол жүгіртпе, себебі береке ортада болады.

Тәңір әйелдермен сыпайы сөйлесуді бұйырады, себебі әйел- анаңыз, әжеңіз, қызыңыз.

Біреуге зиян келтірме, біреудің өзіңе залал келтіруіне жол берме. Мұның екеуі де исламда жоқ.



Маржан сөздер сыр шертеді:

“...Ешқашан да ешкімді жамандама. Ең жаман деген адамның да өз жақсылығы болады. Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары шықпау керек, себебі қыздың жалаңаш денесіне көп көзінің құрты түскіш келеді. Ал халықта “Есті қыз етегін қымтап ұстайды” деген мақал бар. Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігіттерге оның жымығаны да жетіп жатыр.

(Ө. Нұршайықов “Махаббат қызық, мол жылдар”)

“Арыңды сақта, біреуге оны таптатпа. Ар-ұят – адамның жан азығы. Ердің екі сөйлегені – өлгені. Жағымпаздық – адамның қарғыс атқан қылығы, адамдық қасиетін қорлауы. Өтірік, алдау, шағым болған жерге мойныңа арқан салса да, барма. Күншілдікпен біреудің мінін іздеп, арсыздыққа салынба, мұның орнына өз мініңді көре біл... Адамның адамгершілігі – өмір талқысын жеңе білу. Босқа қажымау, болымсызға жасымау, шындықтың ауылын іздеп табу... ”.

(С.Торайғыров)

Асоціація.

**Ислам
діні**



«Біз тегіміз-түрік,
дініміз-Ислам екенін
ұмытпауымыз керек.
Дінімізді, тілімізді
сақтау –
ұлттығымызды,
мемлекеттігімізді
сақтайды. “

Н.Ә

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА

РАХМЕТ!

